

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының 2016 жылғы негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2016 жылғы 18 тамыздағы №100-НҚ және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің 24 тамыздағы №119 бірлескен бұйрығымен «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының 2016-2021 жылдарға инвестициялық бағдарламалар және (немесе) инвестициялық жобалары бекітілді. Инвестициялық бағдарлама бойынша 2016 жылға Қызылорда облысы Қазалы ауданы Ақтан батыр, Пірімов, Мұратбаев елді мекеніндегі су құбыры желілерін тұтынушылардың учаскелерінің шекарасына ауыз су құбырын жеткізу желілерінің құрылысы жоспарланған. Бекітілген жоспар бойынша бөлінгені **202 545,47** мың теңге, нақты **197 081,5** мың теңге *ҚҚС-сыз* яғни **97** пайызға орындалды (қосымша қоса тіркелді).

2. 2016 жылғы филиалдың қаржы-шаруашылық қызметі.

| № | Атауы | Өлшем бірлігі | 2016 ж. |
|------|--------------------------|--------------------------|------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Ауыз су көлемі | мың м³ | 4 603,2 |
| 2 | Табыс | мың теңге | 2 256 901 |
| 3 | Шығын,оның ішінде | мың теңге | 2 213 413 |
| 3.1. | Өндірістік шығын | мың теңге | 1 997 930 |
| 3.2. | Әкімшілік шығын | мың теңге | 215 501 |
| 4 | Пайда/зиян | мың теңге | 43 470 |
| 5 | Күрделі жөндеу жұмыстары | мың теңге | 181 829,6 |
| 6 | Амортизация | мың теңге | 440 624,4 |
| 7 | Электр энергиясы | мың теңге | 202 230 |
| 8 | Жалақы | мың теңге | 926 661 |
| 9 | Материалдық шығындар | мың теңге | 103 209 |
| 10 | Салықтар | мың теңге | 137 969,3 |
| 11 | Өзге шығындар | мың теңге | 220 889,7 |
| 12 | Дебиторлық қарыз | мың теңге | 118 233 |
| 13 | Кредиторлық қарыз | мың теңге | 219 842 |

3. 2016 жылға көрсетілген қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдері (қосымшаға қоса тіркелді).

4. Ауыз су өлшегіш құралдарын (водомер) орнату, ауыстыру және су өлшегіш құралдардың мемлекеттік стандартқа сәйкес мемлекеттік тексеруден уақытында өткізу жұмыстары, пломба салу жұмыстары, келісім-шартқа отырып, төлем ақыны уақытылы төлеу жұмыстары жүргізілуде. Су өлшеуіш құралдарына салынған индикаторлық пломбаның бүтіндігіне су тұтынушы жеке тұлға, бюджеттік және өзге мекемелер тікелей жауаптылығы, пломбаның үзілгендігі анықталған жағдайда соңғы тексерілген күннен бастап анықталған күнге дейін құбыр диаметрінің сыйымдылығымен айыппұл салынатындығы туралы ескерту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар жоспарлы түрде көктемгі және күзгі мезгілде барлық ішкі су тарату желілеріне, магистралды су құбырына және су қоймаларына жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуде.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2015 жылғы 20 қарашадағы №172-НҚ бұйрығымен суды магистралдық құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне тариф және тарифтік сметасы түзетпелері бойынша Арал СЖКБД филиалының 2016 жылғы әрбір бап бойынша тарифтік сметасын ұсынады (қосымшаға қоса тіркеледі).

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2016 жылғы 22 қарашадағы №155-НҚ бұйрығына сәйкес «Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалының суды магистральдық құбырлар және таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне 518,49 теңге ҚҚС-сыз, тарифтің шекті деңгейі 2017-2021 жылдарға бекітілген.